

**Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын Қазығұрт ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің "Жастар орталығы" КММ қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандыру үстемақы белгілеу туралы**

Түркістан облысы Қазығұрт аудандық мәслихатының 2025 жылғы 5 сәуірдегі № 28/173 -VIII шешімі

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" қаулысының 5-тармағы 3) тармақшасына сәйкес, Қазығұрт аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жергілікті атқарушы органы айқындаған тәртіпте Қазығұрт ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің "Жастар орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларына жергілікті бюджеттен ынталандыру үстемақысы 25 (жиырма бес) пайыз көлемінде белгіленсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың төрағасы*

*Т.Қалымбетов*